

"Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжат қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 162 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 сәуірде № 35934 болып тіркелді

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжат қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

C. Нұрбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2025 жылғы 3 сәуірдегі
№ 162 Бұйрығына
қосымша

"Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларын бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет тәртібін айқындайды.

2. "Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркеу) осы Қағидаларға өзгеріс және (немесе) толықтыру енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды өзектендіреді және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, бірыңғай байланыс орталығы мен көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұйымдар:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді жүзеге асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсететін персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдық реттелген жиынтығы;

2) ғылыми тағылымдама – "Болашақ" халықаралық стипендиясы шенберіндегі тағылымдаманы қоспағанда, таңдалған ғылыми зерттеулер бағыты бойынша қасіби құзыреттілікті дамыту мақсатында шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және өзге де ұйымдарда ғалымдардың тағылымдамадан өтуі;

3) көрсетілетін қызметті алушы – үміткер, "Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33308 болып тіркелген) (бұдан әрі – Иріктеу қағидалары) талаптарға сай және конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы;

4) көрсетілетін қызметті беруші – ұйым, шетелде кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы;

5) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия – Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы және ғылыми тағылымдамалардан өту мәселелері жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында

құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі – Республикалық комиссия);

6) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – жұмыс органы);

7) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуіндің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалар жиынтығы.

Осы Қағидаларға мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде ғылым және білім саласындағы уәкілетті орган нормативтік құқықтық акті мемлекеттік тіркелгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығын, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторын енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы хабардар етеді.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

5. Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб – порталы (бұдан әрі - портал) арқылы не тікелей көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне "Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі - тізбе) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1 – қосымшаға сәйкес ғылыми тағылымдамадан өтуге өтініш береді.

6. Өтінішті қарau мерзімі:

1) құжаттар топтамасы тіркелген күннен бастап көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні (құжаттар топтамасын тапсыру күні жалпы мерзімге кірмейді), көрсетілетін қызметті берушінің занды мекенжайы бойынша құжаттар топтамасын өндеудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 60 (алпыс) минут;

2) портал (акпараттық жүйе) арқылы жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні (құжаттар топтамасын тапсыру күні жалпы мерзімге кірмейді).

7. Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкіл) көрсетілетін қызметті берушінің занды мекенжайы бойынша жүгінгенде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері жұмыс органдары бекіткен

мерзімдер кезеңінде өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және құжаттар топтамасын қолма - қол қабылдау үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің қызметкеріне (бұдан әрі – орындаушы) жібереді.

Орындаушы оларды көрсетілетін қызметті берушінің порталында (ақпараттық жүйесінде) тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау және өтініш келіп түскен күні қатысуға рұқсат беру туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы мерзімі өткен құжаттарды және (немесе) құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Көрсетілетін қызметті алушы порталдың жеке кабинеті (ақпараттық жүйе) арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мэртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті алушының ұсынған құжатын қарау нәтижелері бойынша құжат қабылдау және конкурсқа қатысуға жіберу туралы хабарлама не оларды әрі қарай қараудан дәлелді бас тарту жіберіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебін жойған кезде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін қайтадан жүгінеді.

10. Көрсетілетін қызметті беруші бекітілген мерзім кезеңінде конкурстық іріктеу үшін және Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия отырысына деректер қоры мен қажетті шығыс құжаттарын дайындауды.

11. "Ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға қосымшада келтірілген.

12. Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Ақпараттық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші анықталған сәттен бастап дереу көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкерін хабардар етеді.

14. Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты қызметкер техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шептімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағымдар көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

16. Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешімді не өзге де әкімшілік іс-әрекетті қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

17. Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заның 25-бабы 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

18. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

19. Егер Занда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа жүгінуге дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Фылыми тағылымдамадан өту
конкурсына қатысу үшін
құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қагидарына
қосымша

"Фылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметтіне қойылатын негізгі талаптар тізбесі

№	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Фылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау"
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы

2	Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәсілдері	<p>өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті берушінің қеңесі; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz
3	Мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімі	<p>1)құжаттар топтамасы қабылданған күннен бастап көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні (құжаттар топтамасын тапсыру күні жалпы мерзімге кірмейді), көрсетілетін қызметті берушінің занды мекенжайы бойынша құжаттар топтамасын өндеудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты – 60 (алпыс) минут;</p> <p>2) портал (ақпараттық жүйе) арқылы жүгінген кезде – 2 (екі) жұмыс күні (құжаттар топтамасын тапсыру күні жалпы мерзімге кірмейді)</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нысаны	<p>Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрде</p>
5	Мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі	<p>конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы немесе қызмет көрсетуден бас тарту. Порталда мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі және сақталады.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемакы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
		<p>1)көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) портал (ақпараттық жүйе) – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы</p>

<p>Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі</p>	<p>(көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы "Халықаралық бағдарламалар орталығы" Акционерлік қоғамының интернет-ресурсында: https://bolasha.kz</p>
	<p>көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша өкіл) көрсетілетін қызметті беруші арқылы заңды мекенжайы бойынша жүгінген кезде:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) "Фылыми тағылымдамадан өтуге арналған конкурсқа катысу үшін жұмыс орнын сактау шартымен жұмыс берушінің маман даярлауға өтініміндегі нысандарын және үміткердің саулнамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 29 шілдедегі № 378 бүйрүгімен (бұдан әрі - № 378 бүйрүк) бекітілген 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс орнын сактау шартымен ғылыми тағылымдамадан өтуге жұмыс берушінің өтінімі; 2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); 3) № 378 бүйрүкпен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына катысу үшін үміткердің толтырған саулнамасы; 4) ғылым докторы және (немесе) ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) және (немесе) бейін

бойынша доктор дәрежесі, магистр дәрежесінің болуы туралы құжаттың, сондай-ақ шетелдік білім беру үйіндегі оқығанда – білім туралы құжатты тану туралы күзілкітің не "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білім туралы құжатты тану туралы өзге құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

5) Іріктеу қағидаларында бекітілген талаптарға сәйкес жасалып, жұмыс беруші бекітетін және тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік үйіммен келісілген ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттардың, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметі кезеңінде аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзіндінің түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

7) белгіленген ең тәменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар мемлекеттік тілден емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификаттың түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

8) белгіленген ең тәменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификаттың түпнұсқасы мен көшірмесі (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

9) "Денсаулық сақтау" саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын

Мемлекеттік қызмет көрсете үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 казандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 21579 бұйрық) бекітілген № 072/у нысаны бойынша медициналық анықтаманың түпнұсқасы (шетелге шығатындар үшін);

10) үміткерді тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның шартсыз шақыруын (каржылық шарттарды коспаганда) растайтын, жүргізілетін ғылыми зерттеу, ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі, құны (есеп-қисабын толық көрсетіп) көрсетілген, қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар құжаттың көшірмесі;

11) ғылыми нәтижелердің тізімі (Web of Science (Веб оғ сайнс), Scopus (Скопус) халықаралық дереккорларында индекстелетін кемінде 1 (бір) мақаласы немесе шолуы немесе "Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13409 болып тіркелген) Ғылыми басылымдар тізбесінің 1-тізіміне немесе 2-тізіміне енгізілген отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда 1 мақала және (немесе) Derwent Innovations Index (Дервент иновейшн индекс) халықаралық етінімі;

12) ғылым саласындағы уәкілетті орган берген аккредиттеу туралы жарамды ресми куәліктің көшірмесі.

Уміткер портал (акпараттық жүйе) арқылы жүгінген жағдайда:

- 1) № 378 бұйрықпен бекітілген 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс орнын сақтау шартымен ғылыми тағылымдамадан өтуге жұмыс берушінің өтінімінің электрондық көшірмесі;
- 2) № 378 бұйрықпен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына қатысу үшін үміткердің толтырған және порталда (ақпараттық жүйеде) автоматты түрде қалыптастырылған сауалнамасы;
- 3) ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD), бейін бойынша доктор, магистр дәрежесінің болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі, сондай-ақ шетелдік білім беру үйімінде оқығанда – білім туралы құжатты тану туралы күәліктің не "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, білім туралы құжатты тану туралы өзге құжаттың электрондық көшірмесі;
- 4) Іріктеу қағидаларында бекітілген талаптарға сәйкес жасалып, жұмыс беруші бекітетін және тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйыммен келісілген ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасының электрондық көшірмесі;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметі кезеңінде аударылған міндettі зейнетакы жарналары туралы үзінді;
- 6) белгіленген ең тәменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар қазақ тілден емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификаттың электрондық көшірмесі;

- 7) белгілентен ең төменгі талаптарға сәйкес нәтижесі бар шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы белгілентен нысандагы жарамды ресми сертификаттың электрондық көшірмесі;
- 8) № 21579 бұйрықпен бекітілген № 072/у нысаны бойынша медициналық анықтаманың электрондық көшірмесі (шетелге шығатындар үшін);
- 9) ұміткерді тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның шартсыз шақыруын (қаржылық шарттарды қоспағанда) растайтын, жургізілетін ғылыми зерттеу, ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі, құны (есеп-кисабын толық көрсетіп) көрсетілген, мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар құжаттың электрондық көшірмесі;
- 10) ғылыми нәтижелердің тізімінің электрондық көшірмесі (Web of Science (Веб оф сайнс), Scopus (Скопус) халықаралық дереккорларында индекстелетін кемінде 1 (бір) мақаласы немесе шолуы немесе "Ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13409 болып тіркелген) Ғылыми басылымдар тізбесінің 1-тізіміне немесе 2-тізіміне енгізілген отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда 1 мақала және (немесе) Derwent Innovations Index (Дервент иновейшн индекс) халықаралық өтінімі;
- 11) ғылым саласындағы уәкілдегі орган берген аккредиттеу туралы жарамды ресми куәліктің көшірмесі;

		Жеке басты қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1)мемлекеттік қызметті алу үшін үміткер ұсынған құжаттың және (немесе) Иріктеу қағидаларына сәйкес олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы; 2)көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған құжаттардың және (немесе) деректердің (мәліметтердің) Иріктеу қағидаларында белгіленген талаптарына сәйкесіздігінің анықталуы; 3)"Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етіletіn қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы. Үміткер мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, үміткер мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүтінеді.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, көзделетін өзге де талаптар	Ұялы байланыс операторы ұсынған үміткердің абоненттік номірін ақпараттық жүйенің есептік жазбасына тіркеген және қосқан жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті ЭЦҚ болған кезде портал (ақпараттық жүйе) арқылы немесе бір реттік қуәландырылған пароль арқылы электрондық нысанда алады. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірынғай байланыс орталығының 1414, 8-800-080-7777 телефондары арқылы алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК